

Аққулы ауданының ұйымдарында 2019 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 1-03/68 қаулысы. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 6326 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды (Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімі аппарат басшысының 2024 жылғы 16 тамыздығы № 01-21/562 хатымен)

Ескерту. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды (Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімі аппарат басшысының 16.08.2024 № 01-21/562 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-ана сынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-ана сынан қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйімдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Аққулы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аққулы ауданының ұйымдарында 2019 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарының квотасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аққулы ауданы әкімінің орынбасары А. Ж. Қасымоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғабаев

Аққулы ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "29" сәуірдегі

**Ақкулы ауданының үйымдарында 2019 жылға арналған бас
бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды
жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

P/c №	Үйымның атапу	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квотаның мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны, адам
1.	Ақкулы ауданы әкімдігі, Ақкулы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Акку-Сервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	31	3%	1
2.	Ақкулы ауданы әкімдігі, Ақкулы ауданы ветеринария бөлімінің "Ақкулы ауданының ветеринарлық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	44	2%	1